

Жергілік

25 сәуір 1995 жыл

2

ҚЫЛМЫС ҚҰРЫҚТАЛМАЙ, ТӘРТІП ТҰРАҚТАМАЙДЫ

Облыстың ішкі істер басқармасы штабының бастығы, милиция подполковнигі Марат Шекішұлы Қоғамов заңғылымдарының кандидаты, осы сала проблемалары жөніндегі бірнеше кітаптардың авторы. Әке кәсібін жалғастырған Марат Шекішұлы Қарағанды және Киев жоғары милиция мектебінің түлегі.

Таяуда біздің тілшіміз білікті заңгермен кездесіп, қылмысқа қарсы күрес пен құқық қорғаудың қазіргі барысы туралы сұхбаттасқан-ды.

● Тілші тілдескенде

Содырға—соққы, жемқорға—ноқта

Сұрақ: — Әңгімені штаб қызметінің негізгі бағыттарынан бастап, оқырмандарды хабардар ете отырайық.

Жауап: — Қысқартыңқырап айтсақ, оның жұмысына облыстың ішкі істер басқармасының бастығы тікелей басшылық жасайды. Бұл құрылым ішкі істер басқармасының, аудандық және қалалық ішкі істер бөлімдерінің қызмет салаларына басшылық етіп, жедел с-қимылын бақылайды.

Облыстың ішкі істер басқармасының бірегей жұмыс жоспарын белгілейді. Не-

лі жалғасуда. Оның бір тармағында табысқа қол жеткізсек, енді бірінде талпыныс байқалады. Айталық, нашақорлық, азаматтардың жеке мүліктерін ұрлауға қарсы бағытталған әрекеттеріміз ширай түсті. Бұрын ашылмаған жүзге тарта қылмыстың беті ашылуы айтуға тұрарлық деп ойлаймыз.

Осы жылдың 18 сәуірінде жедел іздестіру арқасында Қапал ауданының тұрғыны Н. Векқабұловтың қолды болған жеңіл автомашинасы Заря ауылынан табылды. Оны өзінің көзбен көрген

жедел іздестіру және тергеу қызметкерлерінің біліктілігі мен тәжірибелерінің жеткіліксіздігінен деп тұжырымдауға болар. Мұнда негізінен жас мамандар қызмет істейді. Кейде жасалынған қылмысты ашудың бастапқы кезеңінде түрлі қызмет салаларының әрекеттері үйлеспей қалады. Қылмыс

Үйгентас (Б. Қасымбаев) аудандық ішкі істер бөлімдерінде алдын-алу шаралары ынталы атқарылуда. Облыстың мәслихат — депутаттар жиналысының 1995 жылғы 17 ақпандағы «Жұртшылықтың қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылыққа қарсы күреске қатысуы туралы» қаулысы ауқымды істердің қозғаушысы болуда.

Турасын айтсақ, бұл құжат біздің облысымызға ғана төн. Оны әуел баста облыстың ішкі істер басқармасы белгілеп, облыс әкімі мен депутаттар қолдау көрсетті. Ендігі міндет — ширақ және үйлесімді қызмет істеп, түбегейлі нәтижелерге ұмтылу ғана.

Сұрақ: — Кейде беделді азаматтардың аузынан: «Тәртіп бұзу мен пара алу милицияның өз ішінен табылады» дегенді естиміз. Осы жайлы ақиқатты өзгеден емес, өзіңізден білгіміз келеді?

Жауап: — Қатарымыздың тазалығы басқарманың барлық салалары басшыларының мүдделі ісі. Бізде жеке құрам қатарын тексеретін жүйе жұмыс жасайды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстың басқармасы мен прокуратура органдары да көмектесіп тұрады. Егер заңға «томпақ» жағдай болса, кінәлі адам қылмыстың жауапкершілігіне тартылады.

ғұрлым маңызды басқарушылық және хабарлама-талдау құжаттарын әзірлеп, Қазақстан Республикасы нормативтік актілерінің, Ішкі істер министрлігі мен басқарманың қызметте басшылыққа алынған нұсқалары мен құжаттарының жүзеге асуын қадағалайды, құқық қорғау және қылмыспен күрес проблемалары жөнінде талдау мен салыстырмалы зерттеулер жүргізіп, қылмыстық жағдайлардың барысын болжайды.

Штаб облыстық ішкі істер басқармасының бастығы жайындағы ақпараттық және жедел мәжілістерді ұйлестіреді. Басқарманың күллі органдары мен салаларына инспекторлық тағы басқа да тексерулерді ұйымдастырып, ғылым мен техника жетістіктерін зерттеп талдай отырып, оны өндіріске енгізумен шұғылданады. Қылмысқа қарсы күрестің онды әдістері мен тәсілдерін қорытындылайды.

Штабтың маңызды қызметі — басқарманың барлық салаларында қабылданған шешімдерді саралайды. Іс барысында оның барлық саласы үшін, қалалық және аудандық бөлімдер үшін делалған бірдей. Біздің міндетіміз — қызмет салалары мен олардың бастықтарының жұмыс ұйымдастыруын сергек және қалтқысыз бақылап, лайықты бағасын беріп, қылмыспен күрестің жайын басқарма бастығына оңай өзгертіп жеткізу. Біздің деректер осы жүйедегі кадрлар жөнінде онды шешімдер қабылдауға негіз бола алады.

Сұрақ: — Президенттің 1995 жылғы 13 наурыздағы Қаулысын баянды ету мақсатындағы оңды қадамдар туралы соны деректер қандай?

Жауап: — Осынау қаулы қылмысқа қарсы күресті тегеурінді және мақсатты жүргізу қажеттілігімен сипатталады. Бұл нақандық пара емес. Вайқап қарасақ, 1992 жылдан бері заңдылық, құқық қорғау және қылмыспен күрес жөнінде бірқатар заңдылық актілері қабылданды. Соның ішінде мына қаулы қылмыс атаулына мемлекеттік тұрғыдан алусыз қысым жасауға құрылған.

Облысымызда «Құқық төртібі» жедел шаралар операциясы біршама нәтиже-басым. Мұны бір сөзбен

ды. Оны алып кеткен адам да белгілі болды. Сол сияқты, Жаркент милициясы бір үйдің ауласынан «Мазда — Королла» автокөлігін тапты. Ой 1994 жылы Алматыдан ұрланып, еодан бері жасырылып келген екен. Қылмысты іс жайына зер салатын болсақ, транспорт құралдарын өлдіктердің алып қашып кетуіне көптік иелері де кінәлі саналады. Неге десеңіз, кей азаматтар көлікті қараусыз қалтырып, сақтық шараларын жасамайды. Бұл қылмысқа бейім адамдар үшін «майшелпектей» болып көрінеді.

Дәл осы күні Сарқан ауданының «Сарықамыс» деген жерінде ұрланған малды жасыра тұратын орын табылды. Мұнан соң ұрыларды ұстаудың өрекеті жасалып, милиция аға лейтенанты Қ. Сатыбалдиев пен милиция старшинасы Б. Жанқарашев маңайды торумен жүрді. Айтқандай, түн ортасынан ауған кезде өлгі жерге екі салт атты келіп, қамаудағы үш ірі қараны айдап кетпек болады. Осы кезде сақшылар ұрылардың қарсылығына көздісіп, старшина амалсыздан қару жұмсауға мәжбүр болады. Сөйтіп, өлгілердің біреуінің аты оңқа ұшып, ұры да жарақат алады. Көп кешікпей екінші ұры да қолға түседі. Кейіннен белгілі болғаны, олар еш жерде жұмыс істемейтін С. Саурықов пен Ақсу ГЭС-інің электрлігі Т. Бекбосынов дегендер болып шықты.

Мұндай мысалдар тіпті де аз емес.

Дегенмен, ұйымдасқан жемқорларға, парақорлыққа, рәкетшілерге қарсы күрес жайы өз дәрежесінде емес. Бұл тұрасында осы жылдың бірінші тоқсаны қорытындыларын талқылаған мажлісте мүдделі өңгіме айтылып, міндеттер сараланды. Меніңше оның қылмыскерлерді ауыздықтауға септігі молырақ болмақшы.

Сұрақ: — Соңғы кездері Тенелі қалалық, Панфилов, Кербұлақ және Талдықорған аудандық ішкі істер бөлімдерінің атына сын жиі айтылып жүр. Ол не себептерге байланысты?

Жауап: — Шындық осындай. Аталған ішкі істер бөлімдерінде, оның қылмысты іздестіру бөлімшелеріндегі іс-қимылда бауылық

нұсқау-кеңес, кепілдік алуға болады. Хабар берушінің құпиялығы сақталады. Әрбір телефон нөмірінде кезекші мамандар отырады. Түскен хабар есенке алынып, журналға тізіледі.

Нақты мысал керек дейсіз, Үштөбе қаласында өлдіккімнің кісі өлтірмек өрекетінің жолы кесілді. Екінші хабар бойынша іздеуде жүрген бұзақының құрықтауға қол жетті. Шынында, «сенім телефондары» кереметтей жағалық болып саналмайды. Бұл әдіс шетелдерде бұрыннан қолданылып келеді. Онда азаматтар хабары бойынша қылмыскер белгілі болса, хабаршыға құрмет көрсетіледі. Бұл бізде де қолданылмақ.

Әзірше бізге нақтылы дабылдар аз түседі. Жұртшылық құқық төртібін нығайту ісіне белсене араласа алмай, селкостық көрсетуде. Ал, бізге моральдық және практикалық қолдау қажет. Осыған қарамастан өз мүмкіндігімізді іске бағыттап, ел тыныштығын қамтамасыз етуді асыл мұратымыз деп ардақтай береміз.

Хабар жеткізуші азаматтардың хабары тыңғылықты қабылданып, тиісінше талданады, бағаланады, қолдары деректермен салыстырылып, тексеріледі деп көміл сендіреміз. «Сенім почтасы» туралы да айтарымыз осы.

Сұрақ: — Жергілікті жерлерде атқарылып жатқан игі істер туралы қандай пікірлесіңіз?

Жауап: — Өткен жылы да, осы жылдың бірінші тоқсанында да қылмысқа қарсы шаралар нәтижесіз емес, мұның жаңа формалары мен әдістері іске асырылуда. Оның негізгілерін айтсақ, Талдықорған қалалық ішкі істер бөлімінде (С. Ж. Оспанов) аумақтық милиция бөлімшелері құрылып, тәжірибеден өтуде. Осындай бөлімше қалада — алтау, облыста — 16. Соның нәтижесінде қылмыс көп жағдайда ізі суымай ашылып, милиция мен жұртшылық арасындағы үзілген байланыстар жалғасуына мүмкіндік алды.

Ақсу ауданында (А. Айжанов) атты милиция жасағы көмегімен көшеде қылмыс істеу, мүліктің қылмыстар азайды. Сондай-ақ, Гвардия (А. Г. Войтюк), Бөрлітөбе (Т. Манкенов),

Нақында экономикалық бөлімінің қызметкері «пара алды» деген күдікпен ұсталып, онымен прокуратура айналысуда. Ашығын айтатын болсақ, осы жылдың бірінші тоқсанында ғана 11 қызметкер теріс қылығы мен атаққа кір келтіргені үшін қызметінен босатылды. Демек, «Халық айтса, қалт кетпейді» деген рас.

Сұрақ: — Көптеген азаматтар ел қатарлы абыройлы еңбек ете жүріп, он бес-жүйірме жылда өзі мен бала-шағаларына лайықты баспана тұрғыза алмайды. Тіпті құстың ұясындай ғана сайжай салудың машақаты бес — он жылға жетеді. Себебі, бәрі тапшы, бәрі қымбат. Ал, аттөбеліндегі ауқаттылар мен әсірешысқайлар (айлығының шектеулі мөлшеріне қарамастан) аз ғана уақытта айналадағы жұртты тамсандырып, кейбіреулерінің жанын күйдіріп, екінші қабатты зәулім сарай тұрғызып анып, «мені көрдің бе?» — дегендей шырты түкіріп, былайша айтқанда «ханға сөлем мейді». Осындай зәулім сарайлар облыс орталығының батыс жағында самсап-ақ тұр. Олардың қалай бой көтергенін тексеру қолға алынды дейді, нәтижесі бар ма?

Жауап: — Иә, әркімнің-ақ сәулетті үйде тұрғысы келеді, ол шындық. Халі болып, қаржысы жетсе, табан ақы маңдай термен салынса, ерік өзінде, игілігін көрсін. Бірақ, қызмет бабын теріс пайдаланып, отырған жерін ойып, үзілген жерін үңгіп жеп, аяғын алшаң басып, заңдылық шеңберінен асып, аспанға түкіретін болса, онда өз обалы өзіне.

Қысқасы, тексеру басталып, күрес жүргізілуде. Оның беталысы мен қозғалысы облыс өкімінің назарында. Нәтижелерін уақыт көрсетер.

Сөз соңында айтарым Президенттің «Қылмысқа қарсы күрес және құқық төртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Қаулысын басшылыққа алып, жалғасқан істерді нақты жетістіктермен баянды ете бермекпіз.

Сұхбаттасқан

В. БИСУЛТАНҰЛЫ,
«Жерұйықтың» арнаулы тілшісі.